

2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 тамыздағы № 904 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. "2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1315 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына өзгерістер енгізу туралы Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер,

халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Соты статутының 29-бабын басшылыққа ала отырып,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттан туындайтын халықаралық міндеттерді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2010 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статутына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 14-баптың 2-тармағының в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«в) шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініші бойынша қарайды.»;

2) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер Сотқа 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Кеден одағы шеңберіндегі даулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы шартқа сәйкес жүгінеді»;

3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 4 - б а п

1. Осы Статуттың 14-бабы 2-тармағының а) мен б) тармақшаларында көзделген субъектілердің өтініштерін қарау үшін Сот Регламентте белгіленген тәртіппен құрамына Соттың Кеден одағына мүше мемлекеттердің барлық судьялары кіретін Сот
А л қ а с ы н к ұ р а д ы .

Сот Алқасының шешімі Сот шешімі болып табылады.

2. Статуттың 14-бабы 2-тармағының в) тармақшасында көзделген субъектілердің өтініштері бойынша Кеден одағы шеңберінде істерді қарау және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері, сондай-ақ өзге де, оның ішінде Сот шешімдерін шығарумен және орындаумен байланысты мәселелер 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Кеден одағы шеңберіндегі даулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің ЕуразЭҚ Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы шартпен реттеледі.

3. Сот осы баптың 1-тармағында белгіленген өтініштер бойынша істерді қарау шеңберінде Регламентке сәйкес ерекше жағдайларда Сот тұрған жерден өзге жерде бір немесе бірнеше көшпелі отырыстар жүргізуі мүмкін.»;

4) 25-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өтініш бойынша Сот шешімі Сот өтінішті қабылдаған күннен бастап үш айдан артық емес мерзімде шығарылады .

5) 30-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Статут қол қойған күннен бастап уақытша қолданылады, ратификациялауға жатады және депозитарий үшінші ратификациялық грамотаны алған күннен бастап күшіне енеді. Осы Статутты кейінірек ратификациялаған Тараптар үшін ол ратификациялық грамоталарды депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.».

2-бап

1. Осы Хаттама ратификациялауға жатады және депозитарий үшінші ратификациялық грамотаны алған күннен бастап күшіне енеді. Осы Хаттаманы кейінірек ратификациялаған Тараптар үшін ол ратификациялық грамоталарды депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарлығының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуі тиіс.

20 жылғы «___» _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада
ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып,
әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Беларусь
Республикасы
ү ш і н

Қазақстан
Республикасы
ү ш і н

Қырғыз
Республикасы
ү ш і н

Р е с е й
Федерациясы
ү ш і н

Т ә ж і к с т а н
Республикасы
ү ш і н